

## Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайларда мемлекеттік басқару органдарын байланыспен қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 қазан 1993 ж. N 981. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1097 қаулысымен.

Республика аумағындағы төтенше жағдайларда мемлекеттік басқару органдарын байланыспен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайларда мемлекеттік басқару органдарын байланыспен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ зілзала ауданында авариялық-құтқару, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары мен басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізген кезде Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының байланыс пен ақпарат беретін мемлекеттік жүйелері мен ведомстволық желілері басым түрде пайдаланылсын.

2. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайлар болғанда байланыспен қамтамасыз ету тәртібі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі, Азаматтық қорғаныс штабы, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері ведомстволық байланыс пен ақпарат беру жүйелері бар республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, төтенше жағдайларда байланысты ұйымдастыру жөніндегі шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

4 . Қ ұ п и я .

5 . Қ ұ п и я .

6 . Қ ұ п и я .

7 . Қ ұ п и я .

8. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы осы қаулының орындалу барысын бақылауды, осы мәселе жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жыл сайын ақпар беріп отыруды қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 4 қазандағы

№ 981 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайларда байланыспен қамтамасыз ету тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссияларының\* лауазымды адамдарына, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін құрылған жедел топтарға (штабтарға) төтенше жағдайларда осы комиссиялардың құзыретіне жататын ақпаратпен алмасу үшін жоғары әзірлік режимі мен күнделікті қызметте мемлекеттік байланыс жүйесі бойынша, оның ішінде запастағы басқару пункттерінің байланыс тораптарын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жүйесі мен құралдарын қоса алғанда, министрліктер мен ведомстволардың жүйелері бойынша телефон байланысы мен құжаттық (ашық және жабық құжаттар) байланыс орнатудың жалпы тәртібін белгілейді. <\*>

Бұдан әрі тексте - төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялар.

Қалааралық және қалалық үкімет байланысы, шифрлы құжаттама байланысы осы байланыс түрлері үшін белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

2. Азаматтық қорғаныс штабтары төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялар мен жедел топтардың (штабтардың) байланысын жоспарлап, оны қамтамасыз ету ісін ұйымдастыру үшін республиканың Байланыс министрлігімен бірлесе отырып республикада (облыста, қалада, ауданда) төтенше жағдайлар туған кезде байланысты ұйымдастырудың тиісті схемаларын әзірлеп, келіседі және белгіленген тәртіппен бекітеді.

3. Төтенше жағдайлардың болу қаупі туған кездегі немесе олар пайда болған кездегі күнделікті жұмыста төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың төрағалары мен басқа да лауазымды адамдарға төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың төрағалары бекіткен тізімдер бойынша азаматтық қорғаныстың байланыс тораптарында ұйымдастырылған, жұмыс істеп тұрған телефон және телеграф байланысын пайдалану құқы беріледі де, олар осы тораптардағы байланыс станцияларының абоненттері болады.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы мен оның орынбасарларына мемлекеттік және ведомстволық желілер бойынша байланыс, оның ішінде халықаралық байланыс басымдылық ретпен беріледі.

## II. Мемлекеттік байланыс жүйесін пайдалану

5. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің байланыс кәсіпорындары төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдарына, сондай-ақ жедел топтарға (штабтарға) жұмыс істеп тұрған мемлекеттік желі құралдары бойынша қалааралық телефон және телеграф байланысының, ал қажет болған кезде радио байланысының берілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жүйе учаскелері бүлініп қалған жағдайда республиканың Байланыс министрлігі қолда бар және бөлінетін күштер мен құралдар арқылы ол желіні қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданады.

6. Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдарына күнделікті қызметінде "ешбір кезексіз" және "мемлекеттік" деген шұғылдық санатымен қалааралық телефонмен сөйлестіру абоненттің аты-жөні, сөйлесетін телефонының нөмірі көрсетіліп қалааралық телефон станциясының коммутаторы арқылы кез-келген телефоннан тапсырыс беруі бойынша белгіленген тәртіппен (тізім бойынша) жүзеге асырылады.

7. Республика Байланыс министрлігінің байланыс кәсіпорындары төтенше жағдайлар болған аудандардан төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдары мен жедел топтарына (штабтарына) "зілзала" деген пароль бойынша "ешбір кезексіз" деген санат бойынша сөйлесуден кейін басқа шұғылдық санаттар бойынша сөйлесіп жатқандардың сөздерін дереу үзіп жіберіп, қалааралық телефонмен сөйлесу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

"Зілзала" деген пароль бойынша қалааралық телефон байланысын пайдалану құқы тиісті куәліктер көрсетілген ретте кез-келген елді мекендердегі республика Байланыс министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының телефондарынан сөйлесу үшін беріледі.

8. Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдары мен жедел топтарынан (штабтарынан) жоғары әзірлік режимі немесе төтенше жағдайлар кезінде берілетін құжаттама хабарларын беру үшін республика Байланыс министрлігінің байланыс кәсіпорындары ол комиссияларға телеграммаларды "Дауыл" деген белгімен беруге құқық береді, оларды өңдеу, беру және жеткізу бөгеліссіз жүзеге асырылады.

9. Қажеттілігі және техникалық мүмкіндігі болғанда республика Байланыс министрлігінің байланыс кәсіпорындарын жедел байланыс топтарының өтінімдері бойынша төтенше жағдайлардағы аудандардан мемлекеттік жүйенің

тікелей каналдарын (бұл байланыс каналдарын жалға алу құны төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға бөлінген қаржылар есебінен төленеді) бөліп береді.

### **III. Ведомстволық байланыс жүйелерін пайдалану**

10. Төтенше жағдайлар болған кезде зілзала ауданында жұмыс істеп тұрған ведомстволық байланыс жүйелері бар республиканың министрліктері мен ведомстволары төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдары мен жедел топтарына (штабтарына) төтенше жағдайларда байланыс ұйымдастыру схемасына сәйкес ведомстволық байланыс жүйесі бойынша телефонмен сөйлесуге мүмкіндік береді.

11. Жоғары әзірлік режимі мен төтенше жағдайлар кезінде қалааралық ведомстволық байланыс бойынша "зілзала" паролімен сөйлесу:

байланыс каналдары бос болғанда - хабарлауға арналған сөйлесуден кейін парольдер бойынша кідіріссіз беріледі;

байланыс каналдары бос болмағанда - сөйлесіп жатқандардың сөздері біткеннен кейін беріледі.

Күнделікті жұмыс кезінде қалааралық ведомстволық телефон байланысы бойынша сөйлесу жалпы негізде беріледі.

Қалааралық ведомстволық телефон станцияларымен байланыс соған бөлінген телефон абоненттерінен қалалық (селолық) телефон жүйесінің қосу желілері бойынша жүзеге асырылады.

12. Төтенше жағдайлар болған аудандарда төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдары мен жедел топтарына (штабтарына) қалааралық ведомстволық телефон байланысы бойынша сөйлесу:

абоненттер тиісті куәліктерін көрсетісімен ведомстволардың қарауындағы ұйымдардың, кәсіпорындар мен объектілердің кез келген телефондарынан;

жедел топтардың (штабтардың) даладағы байланыс тораптарынан жергілікті ведомстволық телефон станцияларына қосылатын жалғастыру желілері бойынша беріледі.

Ескерту. Даладағы байланыс тораптарына қосылатын қалааралық телефон байланыстарының каналдары бойынша өзіндік нұсқадағы ақпарат (байланыс каналдарына қосымша талаптар қоймастан) беруге рұқсат етіледі.

13. Жоғары әзірлік режимі немесе төтенше жағдайлар кезінде министрліктер мен ведомстволардың ведомстволық байланыс бөлімшелері төтенше жағдайлар

жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдары мен жедел топтарынан (штабтардан) "Дауыл" деген белгі соғылған телеграммалардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

#### **IV. Қорғаныс министрлігінің байланыс жүйесі мен әскерлерін пайдалану**

14. Төтенше жағдайларда мемлекеттік және ведомстволық жүйелер бойынша ақпарат беру мүмкін болмағанда зілзала ауданынан және сол ауданда байланыс орнату үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің байланыс әскерлері пайдаланылуы мүмкін.

15. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бас штабы Бастығының өкімі бойынша төтенше жағдайларда Қорғаныс министрлігінің байланыс әскерлері пайдаланылады.

16. Зілзала ауданынан және сол аудандағы байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Азаматтық қорғаныс штабының, Байланыс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдерінен құрылатын байланыс жөніндегі жедел топ ұйымдастырады. Жедел топқа Қорғаныс министрлігінің өкілі жалпы басшылық етеді.

17. Республиканың Азаматтық қорғаныс штабы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатысып жүрген мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Бас штабы мен әскери бөлімдерінің, Азаматтық қорғаныс штабтары мен әскер бөлімдерінің өзара іс-қимылдары үшін телефон мен телеграф байланысын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді.

18. Зілзала ауданынан үкімет байланысын жедел қамтамасыз ету үшін аумақтық органдардың және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери бөлімдерінің ұтқыр құралдары пайдаланыла алады.

#### **V. Байланыс қызметіне ақы төлеу тәртібі**

19. Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың лауазымды адамдарының және жедел топтарының (штабтарының) мемлекеттік және ведомстволық байланыс жүйелерін пайдаланып, қалааралық телефонмен сөйлескенінде және құжаттамалық байланыс хабарларын бергенінде және басқа да байланыс қызметі көрсетілгенде оларға ақы белгіленген тәртіппен төленеді, бұл ретте:

- күнделікті қызмет кезінде қалааралық телефонмен сөйлескенде ақы мемлекеттік және мемлекеттік басқару органдарының шығындар сметасында

көзделген бюджет қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы үшін - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының сметасынан төленеді;

- "Зілзала" паролі бойынша қалааралық телефонмен сөйлесуге және "Дауыл" белгісі қойылған телеграммаларды беруге ақы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға бөлінген қаражат есебінен төленеді.

2 0 . < \* >

*Ескерту. 20-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.*

21. Осы Ережеде белгіленген тәртіп мемлекеттік (үкімет) комиссиялардың басшыларын, республика министрліктерінің, ведомстволарының, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктерінің басшыларын төтенше жағдайлар болған аудандарда байланыспен қамтамасыз ету кезінде де қолданылады.